



## **"ӘРТҮРЛІМПОРТ" МЕМЛЕКЕТТІК АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ**

### *Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ  
1994 жылғы 17 наурыз N 282. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1996.06.20. N 758 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдары жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін және халықты жабдықтауға арналған халық тұтыну тауарларын беріп тұруды мемлекеттік реттеуді сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазимпортсауда" Республикалық сыртқы сауда фирмасының, оған кіретін филиалдар мен Алматы қаласының ірі бөлшек сауда кәсіпорындарының негізінде (N 1 қосымша) құрылатын акционерлік қоғамдарды біріктіру жолымен "Әртүрлімпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясы құрылсын.

2. "Әртүрлімпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясы "Қазимпортсауда" Республикалық сыртқы сауда фирмасының құқықтық иегері болып табылады деп белгіленсін.

3. "Әртүрлімпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясы қызметінің негізгі міндеттері болып республиканың ағымдағы нарық мұқтаждықтары үшін шетел фирмаларымен сатып алу, жеткізу жөніндегі сауда операцияларын, сондай-ақ:

- мемлекет мұқтажы үшін берілетін номенклатураға кірмейтін азық-түліктік емес және азық-түлік тауарларының;

- мемлекет мұқтажы үшін берілетін көлемнен тыс Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің келісімі бойынша мемлекет мұқтажына кіретін тауарлардың көтерме және бөлшек саудасын жүзеге асыру;

"Әртүрлімпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың қызметін үйлестіру мен реттеу;

бөлшек сауда кәсіпорындарының негізінде құрылатын "Әртүрлімпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясына кіретін акционерлік қоғамдарды тауармен жабдықтауға жан-жақты жәрдем мен көмек көрсету, оларда сауда істерін ұйымдастыру, сатып алушыларға жоғары мәдениетті сауда қызметі көрсетілуін қамтамасыз ету;

сауда кәсіпорындарымен және құрылымдарымен еркін шарттық негізде сатып алынған тауарларды республиканың барлық аймақтарына жеткізуді

ұйымдастыру;

шарттық негізде сауда кәсіпорындары мен құрылымдарына маркетингтік, қойма, көлік-экспедициялық, консультациялық және басқа қызмет көрсету;

"Әртүрліимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясының коммерциялық қызметінің және оның кәсіпорындарының жарналарының есебінен материалдық базаны дамыту және жаңарту, мақсатты қаржы қорларын қалыптастыру;

"Әртүрліимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясына кіретін кәсіпорындарды қайта құру және жаңа объектілер құрылысы үшін шетел инвестицияларын тарту болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

бір ай мерзімде белгіленген тәртіппен "Әртүрліимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру жөнінде құрылтайшы құжаттар әзірлеп, бекітетін болсын.

"Әртүрліимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясына филиалдар мен бөлшек сауда кәсіпорындарының мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын табыстасын.

Филиалдар мен бөлшек сауда кәсіпорындарының акционерлендірілуіне қарай "Әртүрліимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен

алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен өткізетін акциялар пакеттерінен басқа, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері берілсін.

5. "Әртүрліимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясының басқармасы Алматы қаласы, Желтоқсан көшесіндегі 3-ші үйде орналастырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 17 наурыздағы

№ 282 қаулысына

Қосымша

"Әртүрліимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниясына кіретін, "Қазимпортсауда" Республикалық сыртқы сауда фирмасының

негізінде құрылатын акционерлік қоғамдардың  
Тізбесі

Ақтөбе филиалы

Жамбыл филиалы

Орал филиалы

Петропавл филиалы

Семей филиалы

"Тігінаяқкиімсауда" Ақмола АҚ-ы

"Заңғар" сауда үйі (әмбебапдүкендердің республикалық  
ассоциациясы)

"Балалар Әлемі" әмбебап дүкені

"Ганга" дүкені

Ақмола әмбебап дүкені